

Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды, мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 409 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 24 тамызда № 15553 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 596 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Кіріспе жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабының 2-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.03.2023 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 596 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар мен даму министрлігінің Азаматтық авиация комитетіне:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі
Д. Абаев _____

2017 жылғы 5 шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
Т. Сүлейменов _____
2017 жылғы 25 шілде

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2017 жылғы 30 маусымдағы
№ 409 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары

Ескерту. Қағида жана редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 596 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) талаптарына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік қызметтер көрсету туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді, азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу тәртібін және "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру" мемлекеттік қызметті көрсету, сондай-ақ оларға құқықтарды куаландыратын құжаттардың нысандарын мемлекеттік тіркеу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.03.2023 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы қағидалар, сонымен қатар азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымымен тіркеуге және есепке алуға жататын пилотсыз авиациялық жүйесіне қатысты қолданылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.03.2023 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Азаматтық әуе кемесі оның меншік иесінің (иеленушінің) немесе оны пайдаланушының өтініші бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тек қана мынадай шартпен тіркеледі, егер:

1) әуе кемесі басқа мемлекетте тіркелмеген болса;

2) Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғасы әуе кемесінің меншік иесі немесе пайдаланушысы болып табылса;

3) сот шешімі бойынша тәркіленген және (немесе) өндіріп алынған әуе кемесін қоспағанда, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілген адам әуе кемесінің меншік иесі немесе пайдаланушысы болып табылмаса;

4) үлгі сертификатын немесе соған ұқсас басқа құжатты азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым берсе немесе жарамды деп таныса;

5) жүктерді тасымалдауға арналған әуе кемелерін пайдаланудың күнтізбелік мерзімі (әуе кемесі шығарылған күннен бастап тіркелген күнге дейін есептелетін мерзім) жиырма бес жылдан аспаса;

6) жүктерді тасымалдауға арналған, ұшу циклдарының саны бойынша және сағат бойынша есептелетін әуе кемесінің белгіленген зауыт ресурсының үштен екісінен аспайтын ресурс (дайындаушы зауыттың немесе конструкторлық бюроның ресми растауымен);

7) жерүсті және спутниктік арналар арқылы жүктерді тасымалдауға арналған борттың жай-күйі мен орналасқан жері туралы деректерді беруді қамтамасыз ететін жабдықтың болуы.

Қазақстан Республикасы Азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілетін әуе кемесі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 367 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12038 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы Азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылық нормаларына (бұдан әрі – ұшуға жарамдылық нормалары) және ұшу жарамдылығын айқындайтын дайындаушы зауыттың немесе конструкторлық бюроның пайдалану-техникалық құжаттамасының талаптарына сәйкес келеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.03.2021 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.03.2023 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

4. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген кезден бастап азаматтық әуе кемесі Қазақстан Республикасының ұлттық тиесілігін алады.

5. Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік әуе кемесінің бортында болады.

6. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген азаматтық әуе кемесі Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде де, сол сияқты одан тысқары жерде де ұшуға жіберіледі.

7. Осы қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;

2) азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі – Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) – уәкілетті ұйым (немесе азаматтық авиация

саласындағы уәкілетті орган) берген азаматтық әуе кемесінің Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің Мемлекеттік тізіліміне енгізілгенін растайтын белгіленген үлгідегі құжат;

3) әуе кемесін тіркеуден алып тастау – оның пайдасына қайтарып алынбайтын өкілеттік берілген тұлғаның өтініші бойынша әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен шығару;

4) борышкер – қайтарып алынбайтын өкілеттікті берген әуе кемесінің пайдаланушысы немесе меншік иесі;

5) "бір өтініш" қағидаты – бір өтініш негізінде көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтердің жиынтығын көздейтін мемлекеттік қызметті көрсету нысаны;

6) Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің Мемлекеттік тізілімі (бұдан әрі – Мемлекеттік тізілім) – Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелеріне, оларға арналған құқықтарға мемлекеттік тіркеу жүргізетін құжат;

7) қайтарып алынбайтын өкілеттік – жылжымалы жабдыққа қатысты халықаралық кепілдіктер туралы конвенцияға авиациялық жабдық жөніндегі хаттамаға сәйкес азаматтық әуе кемелерін Мемлекеттік тізілімнен шығаруға (тіркеуден алып тастауға) және әуе кемесін әкетуге талап қою құқығы оның пайдасына берілген, заңды және жеке тұлғалардың өкілеттігі;

8) меншік иесі (иеленуші) – меншік құқығында немесе өзге де заң негіздемелерінде әуе кемелерінің иесі болып табылатын Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғалары;

9) өтініш беруші – азаматтық әуе кемесінің иесі (меншік иесі) немесе пайдаланушысы болып табылатын жеке немесе заңды тұлғасы;

10) пайдаланушы – азаматтық әуе кемелерін пайдаланумен немесе осы салада қызмет көрсетумен айналысатын жеке немесе заңды тұлға;

11) пилотсыз авиациялық жүйе – пилотсыз әуе кемесі және пилотсыз әуе кемесін әуе кеңістігінде қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажетті онымен байланысты (пилотсыз әуе кемесін басқаратын байланыс арналары мен құрамдастарды қоса алғанда) элементтер;

12) пилотсыз әуе кемесі – дербес жұмыс істеуге және (немесе) бортында пилотсыз қашықтан басқаруға пайдаланылатын немесе арналған әуе кемесі;

13) сәйкестік туралы декларация – өтініш беруші ресімдеу және қол қою арқылы қауіпсіз пайдаланғаны және пилотсыз авиациялық жүйенің Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 706 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22031 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде пилотсыз авиациялық жүйесін пайдалану қағидаларының талаптарына сәйкестігі үшін жеке-дара жауапкершілікті растайтын бірыңғай нысандағы құжат;

14) тіркелген халықаралық кепілдік – Халықаралық тіркелімге ол туралы жазба енгізілген әуе кемесіне қатысты кредитордың тиісті құқығы;

15) уәкілетті тарап – оның пайдасына қайтарып алынбайтын өкілеттік берілген тұлға;

16) үлгі сертификаты – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым, әуе кемелерін сертификаттауды жүзеге асыратын азаматтық авиация саласындағы халықаралық ұйым немесе азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың немесе әуе винтінің үлгісінің конструкциясын айқындау үшін шет мемлекет берген және конструкцияның ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін растайтын құжат;

17) халықаралық тіркелім – Кейптаун конвенциясына және Авиациялық хаттамаға сәйкес, кредиторлардың әуе кемелеріне құқықтарын тіркеу үшін құрылған халықаралық тіркеу қызметі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.03.2023 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу тәртібі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе кемесін мемлекеттік тіркеуге өтінімді және осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын ұсынады.

Құжаттар топтамасымен ұсынылатын әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру актісі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Портал арқылы жүгінген жағдайда өтініш берушіге "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша өтінімдерді тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-1. Өтінімді қарау және Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру мерзімі 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша:

"Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру" мемлекеттік қызметі "Шуыл бойынша әуе кемесінің сертификатын беру" және (немесе) "Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру" (бұдан әрі – "бір өтініш" қағидаты бойынша қызмет) мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен жиынтықта "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі.

"Бір өтініш" қағидаты бойынша қызметті көрсету мерзімі 25 жұмыс күнін құрайды, оның ішінде:

Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді беру мерзімі 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды;

шуыл бойынша әуе кемесінің сертификатын беру және (немесе) радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды;

"Шуыл бойынша сертификат беру" және "Радиоберуші аппаратураны пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік қызметтері Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 198 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12073 болып тіркелген) сәйкес жеке көрсетіледі.

Ескерту. 10-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10-2-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-2. Уәкілетті ұйым құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы, пайдаланушы сертификаты, жергілікті жердегі шуыл бойынша сертификат, радиостанцияға сертификат, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Ескерту. 10-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

10-3. Өтініш беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген тізбе бойынша құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынбаған кезде уәкілетті ұйым өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Өтініш беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген тізбе бойынша құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде, уәкілетті ұйым ұсынылған құжаттар топтамасының осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді және уәкілетті ұйымның авиациялық инспекторы әуе кемесін қарап-тексеруді 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Уәкілетті ұйымның авиациялық инспекторы әуе кемесін қарап-тексеруді бұрын пайдаланылмаған жаңа азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу кезінде (дайындаушы зауыттан қабылдау кезінде) мынадай жағдайларды қоспағанда:

1) бұрын Мемлекеттік тізілімде болмаған азаматтық әуе кемесінің үлгісін мемлекеттік тіркеу кезінде;

2) өтініш беруші тексеру жүргізу үшін уәкілетті ұйымға жазбаша өтініш берген кезде жүргізбейді.

Әуе кемесін қарап-тексеруді жүргізу басталғанға дейін кемінде 2 (екі) жұмыс күні бұрын порталға өтініш берушінің "жеке кабинетіне" Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу рәсіміне басталу күні, ықтимал өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпаратты қамтитын еркін нысандағы уәкілетті ұйымның уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 10-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия

және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.03.2023 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

10-4. Нұсқаулық материалды пайдалана отырып, әуе кемесін қарап-тексеру нәтижелері бойынша 1 (бір) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы инвестициялық және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 198 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12073 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру қағидаларының 9-2-тармағына сәйкес азаматтық әуе кемесінің пайдалануға жарамдылығын бағалау актісі (бұдан әрі – бағалау актісі) 2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Азаматтық әуе кемесі туралы мәліметтер осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес Мемлекеттік тізілімге енгізіледі және мынадай жағдайларда:

- 1) азаматтық әуе кемесін бағалау актісі оң нәтижесі;
 - 2) ұсынылған құжаттар топтамасы осы Қағидалардың 10-3-тармағына сәйкес қарап-тексеру жүргізілмейтін, бұрын пайдаланылмаған жаңа азаматтық әуе кемелерін (дайындаушы зауыттан қабылдау кезінде) мемлекеттік тіркеу үшін Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағына сәйкес;
 - 3) ұсынылған құжаттар топтамасы Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке өзгерістер енгізу үшін мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағына сәйкес келген кезде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 5 (бес) жыл мерзімге немесе жалдау шартының қолданылу мерзіміне Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беріледі.
- Бағалау актісі теріс нәтиже берген кезде Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап ресімделеді, ол уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған өтініш берушінің порталға "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда, уәкілетті ұйым өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні және орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау қорытындылары бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырылады.

Ескерту. 10-4-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.03.2023 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

11. Ұсынылған құжаттар негізінде уәкілетті ұйым азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тізілімге енгізеді және тағайындауына байланысты әуе кемесіне мына атаулардың бірі беріледі:

- 1) жолаушылар;
- 2) көліктік;
- 3) айырбасталымды;
- 4) жүк-жолаушылар;
- 5) арнайы қолдану;
- 6) санитарлық;
- 7) оқу-жаттығу.

12. Жалпы тағайындаудағы авиация (ЖТА) мақсаты пайдаланушының өтінішінде көрсетілген жағдайда, Пайдаланушы бағанында "ЖТА" аббревиатурасы енгізіледі.

13. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді бергені, әуе кемесінің кепілі туралы шартты, оған қосымша келісімді, әуе кемесін тіркеуден шығаруға және әкетуге қайтарып алынбайтын өкілеттікті мемлекеттік тіркегені үшін "Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағы төлемдерді алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 24 наурыздағы № 177 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32120 болып тіркелген) (бұдан әрі – Азаматтық авиация саласындағы төлемдерді алу қағидалары) және "Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы көрсетілетін қызметтерінің тізбесін және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 167 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32089 болып тіркелген) (бұдан әрі – Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы көрсетілетін қызметтерінің және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелерінің тізбесі) бұйрықтарымен айқындалған тәртіпте және мөлшерде төлем алынады.

Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру, әуе кемесінің кепілі туралы шартты, оған қосымша келісімді, әуе кемесін

тіркеуден шығаруға және әкетуге қайтарып алынбайтын өкілеттікті мемлекеттік тіркеу уәкілетті ұйымның бюджетіне төлем түскеннен кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Ұсынылған құжаттардың осы Қағиданың талаптарына сәйкес болған кезде азаматтық әуе кемесі туралы мәліметтер Мемлекеттік тізілімге енгізіледі және өтініш берушіге осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 5 (бес) жылға немесе жалдау шартының мерзіміне нысан бойынша Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беріледі.

17. Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктен қате табылған болмаса жіберілген қателік туралы өтініш түскен жағдайда уәкілетті ұйым 3 (үш) жұмыс күні мерзімінде түзетулер енгізеді.

18. Уәкілетті ұйым алғашқы рет Мемлекеттік тізілімге жаңа үлгідегі әуе кемесін енгізген жағдайда, ол осы әуе кемесін шығарған мемлекетке оны Мемлекеттік тізілімге енгізгені туралы жазбаша түрде 15 (он бес) жұмыс күні ішінде хабарлайды.

19. Мемлекеттік тізілім есепке алынатын кесте парақтарынан, оның ішіне әуе кемелері туралы ақпарат енгізілген, яғни тіркеу арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық тиесілігі меншіктелген, сондай-ақ қосымша ақпараттан тұратын құжат болып табылады.

Мемлекеттік тізілімді жүргізу осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті ұйым қағаз түрінде жүзеге асырады. Тиісті қорғалған бағдарламалық өнім болған жағдайда Мемлекеттік тізілім қайталау мүмкіндігімен электронды тасығыштарда жүргізіледі. Қағаз және электронды тасығыштардағы жазбалар арасында сәйкессіздіктер болса қағаз тасығыштағы жазба басым болады.

20. Уәкілетті ұйым әрбір әуе кемесіне әуе кемесін мемлекеттік тіркеуге негіз болған құжаттардан, сол сияқты берілген Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік көшірмесінен тұратын іс қалыптастырады және бұл Мемлекеттік тізілімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

21. Азаматтық әуе кемесінің ісі, оның ішінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган берген іс оны пайдаланудың бүкіл мерзімі ішінде уәкілетті ұйымда сақталады және ол Мемлекеттік тізілімнен шығарылғаннан кейін бір жылдан соң Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы

№ 235 бұйрығымен бекітілген Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33338 болып тіркелген) сәйкес мұрағатқа тапсырылады.

Азаматтық әуе кемесінің ісінен қандай да бір құжаттарды немесе олардың бөліктерін жоюға немесе алуға жол берілмейді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 13.08.2025 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Мемлекеттік тізілімге енгізілген азаматтық әуе кемесінің меншік иесі (иеленушісі) және пайдаланушысы барлық азаматтық әуе кемесінің иелік құқығы және басқа құқықтардың өзгерістері, сондай-ақ осы құқықтарға ауыртпалықтар, қайтарымсыз өкілеттікті беру, жалға алу шартының өзгеруі, төтенше жағдайлардың, жоғалу, азаматтық әуе кемесінің ақаулығы осындай өзгерістерді айқындау сәтінен бір айдың ішінде уәкілетті ұйымға хабарлайды.

23. Мемлекеттік тізілімге және мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке өзгерістер енгізуді уәкілетті ұйым өзгерістер болған жағдайда портал арқылы жүзеге асырады:

1) азаматтық әуе кемесінің меншік иесі (иеленушісі) және (немесе) оның атауы және (немесе) оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);

2) азаматтық әуе кемесін пайдаланушының және (немесе) оның атауының;

3) азаматтық әуе кемесін қайта жабдықтауға байланысты оның мақсаты болып табылады;

4) өтініш беруші өтініш жасаған кезде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін оның қолданылу мерзімін қамтиды.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Азаматтық әуе кемесінің меншік иесінің, пайдаланушысының, әуе кемесінің жабдықталғаннан кейін мақсатының немесе мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің қолданылу мерзімінің өзгеруіне байланысты өтініш беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген тізбе бойынша құжаттарды портал арқылы уәкілетті ұйымға ұсынады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Егер азаматтық әуе кемесінің иесі және пайдаланушысы жалға алу (лизинг) нәтижесінде әртүрлі мемлекеттерде болғанда, онда азаматтық авиация сының уәкілетті органдары арасындағы ұшу жарамдылығына, азаматтық әуе кемесін қауіпсіз пайдалануды бақылау ұйымына қатысты жауапкершілігі тіркеледі.

26. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.03.2021 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Ұсынылған құжаттарды қараудың оң нәтижелері кезінде өтініш беруші қажетті құжаттарды берген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйым Мемлекеттік тізілімге өзгерістер енгізуді және өтініш берушіге азаматтық әуе кемесінің тіркелген күні туралы белгіні толтыра отырып, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беруді жүзеге асырады.

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік берілгеннен кейін бұрын берілген Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік күшін жояды.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда, уәкілетті ұйым техникалық іркілістердің туындағанын анықтаған сәттен бастап бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салу жіберу арқылы "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын мемлекеттік қызметтің атауы, әкімшілік құжаттың нөмірі мен коды немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі бойынша ақпарат ұсыныла отырып, әкімшілік құжаттың нөмірі мен коды немесе рұқсат беру құжатының бірегей сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі немесе өтініш берушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі, авторландыру сәтінен бастап қатенің нақты уақытын көрсете отырып, қате туындаған сәтке дейінгі кадамдық скриншоттарды қоса бере отырып, дереу хабардар етеді.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.03.2021 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27-1. Уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру" мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) бекітілген мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметтер көрсету сатысы туралы деректерді енгізу Қағидаларына сәйкес қамтамасыз етеді (бұдан әрі – деректерді АЖ-ға енгізу Қағидасы).

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, мемлекеттік қызмет берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Ескерту. 27-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

27-2. Уәкілетті ұйымның әкімшілік актіні әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен қабылдауға байланысты әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

27-2-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өтініш берушінің шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

уәкілетті ұйымның – оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауына жатады.

Шағым уәкілетті ұйымға және (немесе) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғаға беріледі.

Уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылданса, уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, лауазымды адам, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Ескерту. 27-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

27-3-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27-3. Уәкілетті ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңының 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге ҚР ӘРПК-нің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 27-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

28. Азаматтық әуе кемесі:

1) әуе кемесі есептен шығарылған немесе пайдаланудан алып тасталған;

2) әуе кемесі шет мемлекетке, шетелдік жеке немесе заңды тұлғаға сатылған немесе берілген;

3) азаматтық әуе кемесін Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелерінің тізілімінде немесе шет мемлекеттердің тізілімінде тіркелген;

4) мүліктің ауыртпалығы болған жағдайларды қоспағанда, күнтізбелік пайдалану мерзімі әуе кемесі шығарылған күннен бастап қырық жылдан асатын, екі жылдан астам ұшуға жарамдылығының жарамды сертификаты болмаған;

5) әуе кемесі хабарсыз жоғалып кеткен деп танылған;

6) қайтарылмайтын өкілеттікті атқарған жағдайларда Мемлекеттік тізілімнен шығарылады.

Кепілдегі әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен шығару кепіл ұстаушының келісімімен жүзеге асырылады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.03.2021 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.03.2023 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

29. Азаматтық әуе кемелерін Мемлекеттік тізілімнен шығарған кезде (әуе кемесін тіркеуден шығару жағдайларын қоспағанда) өтініш беруші уәкілетті ұйымға портал арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімнің электрондық көшірмесі немесе осы Қағидаларға 6-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кейіннен алып тастай отырып, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті "UN" ұлттық тану белгісінен "UP" мемлекеттік және тіркеу тану белгісіне ауыстыруға өтінімнің және "UN" ұлттық тану белгісімен мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасының электрондық көшірмесі;

2) әуе кемесінің меншік құқығының шет мемлекетке (жеке, заңды тұлғаға) өткендігін растайтын құжат немесе әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен шығару жағдайларын қарастырған құжат немесе олардың электрондық көшірмелері;

3) меншік иесі Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда жеке тұлғаның тұлғаны куәландыратын құжаттарының немесе өтініш иесі – Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасының (куәлік) электрондық көшірмесі;

4) әуе кемесі кепілде тұрған жағдайда кепіл ұстаушының оның тізілімнен шығарылуына жазбаша келісімінің электрондық көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 9 наурыздағы № 123 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6868 болып тіркелген) Әуе кемелерін есептен шығару қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептен шығарып тастау актісінің электрондық көшірмесі (әуе кемесі есептен шығарылған кезде);

6) әуе кемесін кәдеге жарату туралы құжаттардың электрондық көшірмесі немесе олардың көшірмелері (әуе кемесі есептен шығарылған кезде);

7) әуе кемесінен айырым белгілерді алып тастау туралы актісінің электрондық көшірмесі және оны растайтын фотосуреттер (әуе кемесін есептен шығару жағдайларын қоспаған кезде).

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және

инфрақұрылымдық даму министрінің 04.11.2022 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

30. Айырым белгілерді алып тастау туралы актісі әуе кемесінің иесі немесе пайдаланушысы және әуе кемесінің тұрақтау әуесайлағының өкілі кіретін комиссия мүшелерінің қол қоюы арқылы еркін нысанда жазылады.

31. Мемлекеттік тізілімнен шыққанға дейін Мемлекеттік тізілімнен шығуы туралы куәлікті (бұдан әрі – Шығу туралы куәлік) уәкілетті ұйым:

1) әуе кемесінен мемлекеттік және тіркеу-айырым белгілері алып тасталғандығын растау мақсатында тексеруді;

2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұрын берген құжаттардың түпнұсқаларын қайтаруді;

3) әуе кемесінің мекенжайының жойылғандығы фактісін тексеру жүзеге асырады.

32. Егер әуе кемесі Пайдаланушы сертификатының (Авиациялық жұмыстарды орындау куәлігінің) қосымшасына енгізілген жағдайда ол Мемлекеттік тізілімнен осы әуе кемесі Пайдаланушы сертификатының (Авиациялық жұмыстарды орындау куәлігінің) қосымшасынан шығару рәсімі аяқталғанға дейін шығарылмайды.

33. Ұсынылған құжаттар сәйкес келген кезде уәкілетті ұйым өтініш берушіге осы қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінен шығару туралы куәлік береді.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.03.2021 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Әуе кемесі Мемлекеттік тізілімнен шыққаннан кейін Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік және оған қатысты Мемлекеттік тізілімде жасалынған барлық жазбалар күшін жояды.

35. Кепілде тұрған әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен шығару үшін кепіл ұстаушының оның тізілімнен алып тасталуына жазбаша келісімі қоса беріледі.

Егер кепіл халықаралық кепілдіктермен тіркелмеген болса, бұл тармақ әуе кемесін тіркеуден шығару кезінде қолданылмайды.

36. Уәкілетті ұйым кепіл туралы шарттарды және (немесе) оларға қосымша келісімдерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады.

Тіркеу үшін кепіл беруші немесе әуе кемесінің кепіл ұстаушысы өтініштен басқа мынадай құжаттарды ұсынады:

1) әуе кемесінің кепілі туралы шартты және (немесе) әрбір әуе кемесі үшін оған қосымша келісімді мемлекеттік тіркегені үшін төлемді растайтын құжаттың көшірмесі;

2) азаматтық әуе кемесінің кепілі немесе ипотекасы туралы шарт және (немесе) оған қосымша келісім 3 данада;

3) құрылтай құжатының көшірмесі (шетелдік заңды тұлғалар үшін) немесе жеке басын куәландыратын құжат (шетелдік жеке тұлғалар үшін).

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Ұсынылған құжаттар сәйкес болған жағдайда уәкілетті ұйым кепіл туралы шартты және/немесе оған қосымша келісімшарттарының мемлекеттік тіркеуін жүзеге асырады ады.

38. Уәкілетті ұйым қайтарып алынбайтын өкілеттіктерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады. Қайтарып алынбайтын өкілеттікті тіркеу үшін әуе кемесін пайдаланушы немесе уәкілетті тарап өтініштен басқа мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) әуе кемесін тіркеуден шығаруға және әкетуге қайтарып алынбайтын өкілеттікті мемлекеттік тіркегені үшін төлемді растайтын құжаттың көшірмесі;
- 2) қайтарып алынбайтын өкілеттіктің түпнұсқасы;
- 3) құрылтай құжатының көшірмесі (шетелдік заңды тұлғалар үшін) немесе жеке басын куәландыратын құжат (шетелдік жеке тұлғалар үшін).

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Ұсынылған құжаттар сәйкес келген жағдайда уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе кемесін тіркеуден шығаруға және әкетуге Қайтарып алынбайтын өкілеттікті тіркейді.

40. Тіркелген Қайтарып алынбайтын өкілеттік бар болған жағдайда, Уәкілетті тарап немесе сенімхаттың негізінде әрекет ететін оның өкілі (бұдан әрі – өкілетті өкіл) әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен шығаруды және әуе кемесін әкетуді талап етуге құқылы жалғыз адам болып табылады. Уәкілетті тарап немесе оның өкілі осындай әрекеттерді тек Қайтарып алынбайтын өкілеттікке және ұшу қауіпсіздігі туралы нормативтік ережелерге сәйкес жасайды.

41. Қайтарып алынбайтын өкілеттікті борышкер Уәкілетті тараптың жазбаша келісімінсіз қайтарылуы мүмкін емес. Уәкілетті ұйым Қайтарып алынбайтын өкілеттікті Мемлекеттік тізілімнен Уәкілетті тараптың жазбаша келісімінің болуы жағдайында ғана шығарады.

42. Уәкілетті ұйым әуе кемесін тіркеуден шығару және әкету туралы өтінішті Уәкілетті тарап мынадай құжаттарды тапсырған кезде қанағаттандырады:

- 1) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта тіркеу туралы өтініш ;
- 2) Қайтарып алынбайтын өкілеттік немесе оның нотариалды расталған көшірмесі;
- 3) Уәкілетті тараптың тіркелген кепілдігінің алдында кезектілік тәртібімен есепте тұрған барлық тіркелген халықаралық кепілдіктердің қанағаттандырылуының

растамасы (Халықаралық тіркелім берген сертификат немесе осындай халықаралық кепілдіктердің барлық иелерінің жазбаша растамасы нысанында) немесе халықаралық кепілдіктердің барлық иелерінің тіркеуден шығаруға және әкетуге жазбаша келісімі;

4) мүдделі адамдардың 10 (он) жұмыс күні бұрын жазбаша түрде алдын ала хабарландырылуының растамасы (егер Уәкілетті адам сот актісінің негізіндегіден басқаша тіркеуден шығаруға және әкетуге әрекет етсе);

5) әуе кемесінен таным белгілерін алып тастау туралы актісі және оны растайтын фотосуреттер;

6) құрылтайшылық құжаттың (шетелдік заңды тұлғалар үшін) көшірмесі немесе жеке басты куәландыратын құжат (шетелдік жеке тұлғалар үшін).

43. Құжаттарды қарау оң нәтижелері кезінде уәкілетті ұйым Уәкілетті тарапқа 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес әуе кемесін шығару туралы куәлік береді.

44. Тану белгілерін алып қою туралы акті ерікті нысанда жасалады, құрамына Уәкілетті тарап немесе оның өкілетті өкілі, әуе кемесінің иесі немесе пайдаланушысы және әуе кемесі орналасатын аэродромның немесе өзге бөтен ұйымның өкілі кіретін комиссияның мүшелері қолдарын қояды. Қайтарып алынбайтын өкілеттікті берген әуе кемесінің меншік иесі немесе пайдаланушысы комиссияға қатысудан немесе актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, акт оның қатысуынсыз жасалады және қол қойылады.

45. Уәкілетті ұйым әуе кемесінің қайта тіркелуі туралы хабарламаны Қайтарымсыз өкілеттікті берген әуе кемесінің иесіне немесе пайдаланушысына жібереді. Қайтарымсыз өкілеттікті берген меншік иесі немесе пайдаланушы хабарламаны алған кезден бастап 10 (он) жұмыс күнінің ішінде уәкілетті ұйымына мынадай құжаттарды береді:

- 1) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;
- 2) азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификаты;
- 3) жергілікті жердегі шуылдар жөніндегі сертификат;
- 4) радиостанцияға рұқсат.

3-тарау. Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің Мемлекеттік және тіркеу айырым белгілерін тағайындау тәртібі

46. Азаматтық әуе кемесін Мемлекеттік тізілімге мемлекеттік тіркеу кезінде оған азаматтық әуе кемесіне тағылатын айырым белгілері тағайындалады.

47. Айырым белгісіз азаматтық әуе кемесінің ұшуларына жол берілмейді.

48. Азаматтық әуе кемесінің конструкциясының элементтеріне тағылатын айырым белгілері осы кемеңің Мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінде көрсетілген белгіге парапар болды.

49. Айырым белгілері жерде де, әуеде де айқын және көрнекі болуға тиіс.

50. Айырым белгілері айыруы қиын немесе осы Қағидалардың талаптарына сәйкес болмаған әуе кемелерінде ұшуларды орындау рұқсат етілмейді.

51. Екінші шолу радиолокаторының "S" режимімен жұмыс істейтін жабдықпен жарақталған және тану құрылғысы бар азаматтық әуе кемесіне мемлекеттік тіркеу кезінде әуе кемесінің 24-биттік адресі беріледі. Әуе кемесінің мекенжайының диапазоны 011010000011000000000001-011010000011001111111111 бит болып табылады.

Уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз түрінде әуе кемесінің 24-биттік адресін беру туралы журналын жүргізуді жүзеге асырады.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Әуе кемелеріне мекенжайлар мынадай қағидаттарға сәйкес тағайындалады:

- 1) бір және сол 24-биттік код бірден артық әуе кемесіне тағайындалмайды;
- 2) әуе кемесіне борттағы жабдықтарының жиынтық байланыссыз тек қана бір 24 биттік код тағайындалады;
- 3) 24-биттік код тек қана әуе кемесінің тіркеу мемлекеті өзгерген жағдайда ғана ауысады және ұшу уақытында ешқашан өзгермейді;
- 4) әуе кемесінің тіркеу мемлекеті өзгерген жағдайда тағайындалған алғашқы мекенжайы жойылады және уәкілетті ұйымымен жаңа мекенжай беріледі;
- 5) 24-биттік код әуе кемесін анықтау мақсатында тағайындалады және ол қандай да бір нақты ақпаратты жіберу үшін пайдаланылмайды;
- 6) әуе кемелеріне тек қана 24 нөлден немесе 24 бірліктен тұратын мекенжай тағайындалмайды;
- 7) уәкілетті ұйымының беретін нақты нөмірін есепке ала отырып, әуе кемесіне мекенжай тағайындалады. Ондық жүйеде жазылып тағайындалған нөмір екілік есептеуге аударылады және ИКАО бөлген 10 разрядтағы бос орынға енгізіледі.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Әуе кемесінің пайдаланушысы уәкілетті ұйымының талабы бойынша әуе кемесінің борттағы жабдығында орнатылған 24 биттік мекенжайды көрсетеді.

54. Әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен шығарған кезде әуе кемесінің мекенжайы жойылады, ол туралы тиісті жазу жазылады.

Егер Мемлекеттік тізілімнен шығарылатын әуе кемесінде "S" режимімен жұмыс істейтін қабылдау құрылғысы орнатылған болса, онда әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен шығарар алдында пайдаланушы әуе кемесінің тиісті борттық жабдығынан мекенжайы жойылғандығы туралы уәкілетті ұйымға хабарлайды.

55. Пайдаланушы уәкілетті ұйымының талабы бойынша борттық жабдықтан әуе кемесінің мекенжайының жойылғандығы фактісін тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

4-тарау. Пилотсыз авиациялық жүйесін тіркеу және есепке алу тәртібі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.03.2023 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. Ең жоғары ұшу салмағы 0,25 кг және одан асатын пилотсыз әуе кемесі бар пилотсыз авиациялық жүйелер және ең жоғары пилотсыз әуе кемесі бар пилотсыз авиациялық жүйелерді қоспағанда, дербес деректерді және (немесе) құпия ақпаратты жинауды жүзеге асыруға қабілетті техникалық құралдармен жарақтандырылған пилотсыз әуе кемесі жүйесінің құрамына кіретін пилотсыз әуе кемесінің ең жоғары ұшу массасына қарамастан барлық пилотсыз авиациялық жүйелер есепке алынуға жатады ұшу массасы 750 кг және одан жоғары, осы Қағидалардың 2-тарауында айқындалған тәртіппен мемлекеттік тіркеуге жатады.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.03.2023 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

56-1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56-1. Пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою туралы куәлікті алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға портал арқылы осы Қағидаларға 10-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пилотсыз авиациялық жүйені есепке қоюға өтінімді және (немесе) осы Қағидаларға 10-2-қосымшаға сәйкес "Пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында (бұдан әрі – Негізгі талаптардың тізбесі) көзделген тізбе бойынша құжаттарды ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер негізгі талаптардың тізбесінде баяндалған.

Портал арқылы жүгінгеннен кейін өтініш берушіге "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтінімнің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Құжаттарды портал арқылы жіберген кезде олар өтініш берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйенің істен шығуы кезінде уәкілетті ұйым техникалық іркілістер анықталған сәттен бастап бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салу жіберу арқылы "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын дереу хабардар етеді.

Ескерту. Қағида 56-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 13.09.2024 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

56-2-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56-2. Уәкілетті ұйым өтінімді олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Өтінім берген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі өтінімді тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 56-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 13.09.2024 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56-3. Өтініш беруші негізгі талаптардың тізбесінде көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған кезде уәкілетті ұйым 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Бас тарту қайта қарауға кедергі келтірмейді.

Өтініш беруші негізгі талаптар тізбесінде көзделген құжаттар тізбесіне сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде уәкілетті ұйым өтінім мен құжаттарды қабылдайды.

Ескерту. Қағида 56-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 13.09.2024 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою туралы куәлікті беруге арналған өтінімді қарау нәтижелері бойынша уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою туралы куәлікті негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 11-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден

бас тарту туралы дәлелді жауапты береді және уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен қол қойылып, өтініш берушінің "жеке кабинетіне" порталға электрондық құжат нысанында жолдайды.

Пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою туралы куәлік 5 жыл мерзімге немесе жалдау шартының қолданылу мерзіміне беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде уәкілетті ұйым өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні және орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама ҚР ӘРПК 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі немесе осы Қағидаларға 11-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырылады.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 13.09.2024 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57-1. Есепке қою кезінде уәкілетті ұйым пилотсыз авиациялық жүйесіне борттық нөмірді береді.

Берілген борттық нөмір жеті белгіден тұрады және судың әсері кезінде нөмірдің сақталуы мен оқылуын қамтамасыз ететін тәсілмен пилотсыз әуе кемесіне кемінде 5 мм қаріппен жазылады.

Ең жоғары ұшу массасы 0,25 кг-нан 1,5 кг-ға дейінгі "ерекше" санатындағы операцияларды орындайтын пилотсыз әуе кемесіне таңбалау үш жерде, ал салмағы 1,5 кг-дан асатын пилотсыз әуе кемелері үшін бес жерде жазылады.

Берілген борттық нөмір мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) Қазақстан Республикасының тиесілігі – "Q";
- 2) ең жоғары ұшу массасының жіктеуіші;
- 3) конструкция типінің жіктеуіші;
- 4) есептік нөмірі.

Борттық нөмірді пилотсыз әуе кемесінің иесі оны пайдалануды бастағанға дейін жазады.

Пилотсыз авиациялық жүйені тіркеу кезінде уәкілетті ұйым азаматтық және эксперименттік әуе кемелеріне мемлекеттік, тіркеу тану және қосымша белгілерді салу тәртібіне сәйкес пилотсыз әуе кемесіне қолданылатын мемлекеттік және тіркеу тану белгілерін береді.

Ескерту. Қағида 57-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.03.2021 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.03.2023 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

57-2. Есепке қою туралы куәлікте қателер не жіберілген қателік туралы өтінім келіп түскен кезде уәкілетті ұйым түзетулерді 3 (үш) жұмыс күні мерзімінде енгізеді.

Ескерту. Қағида 57-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 13.09.2024 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою уәкілетті ұйымымен Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының пилотсыз авиациялық жүйелерінің тізілімінде (бұдан әрі – Пилотсыз авиациялық жүйелердің тізілімі) жүргізіледі.

Пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою нөмірлері олардың пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою Пилотсыз авиациялық жүйелердің тізіліміндегі реттік нөмірлеріне сәйкес келуі тиіс.

Уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз түрінде пилотсыз авиациялық жүйелер тізіліміне деректерді енгізуді жүзеге асырады. Тиісті қорғалған бағдарламалық өнім болған жағдайда Пилотсыз авиациялық жүйелердің тізілімі қайталау мүмкіндігімен электронды тасығыштарда жүргізіледі. Егер қағаз және электронды тасығыштардағы жазбалар арасында сәйкессіздіктер болса қағаз тасығыштағы жазба басым болады.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 13.09.2024 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Өтінімді қарау мерзімі және пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою туралы куәлік беру 10 (он) жұмыс күнін құрайды;

пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою туралы куәлікке өзгерістер енгізу - 10 (он) жұмыс күні.

пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою туралы куәліктің қолданылу мерзімін ұзарту-10 (он) жұмыс күні.

пилотсыз авиациялық жүйені алып тастау туралы куәлік беру - 10 (он) жұмыс күні.

Ұсынылған құжаттарға қосымша бағалау жүргізу қажет болған жағдайда қарау мерзімі 5 (бес) жұмыс күніне дейін ұзартылады, бұл туралы мерзім аяқталғанға дейін өтініш берушінің "жеке кабинетіне" портал арқылы хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 13.09.2024 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Алып тасталды - ҚР Көлік министрінің м.а. 13.09.2024 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60-1. Пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою туралы куәлікке және пилотсыз авиациялық жүйелер тізіліміне өзгерістер енгізуді уәкілетті ұйым пилотсыз авиациялық жүйенің меншік иесі (иесі) және (немесе) пайдаланушысы және (немесе) оның атауы және (немесе) оның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) өзгерген кезде портал арқылы жүзеге асырады.

Өтініш беруші негізгі талаптардың тізбесінде көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған кезде уәкілетті ұйым 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Өтініш беруші мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көзделген құжаттар тізбесіне сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде уәкілетті ұйым өтінім мен құжаттарды қабылдайды.

Ескерту. Қағида 60-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 13.09.2024 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

60-2. Пилотсыз авиациялық жүйе меншік иесінің (иесінің) және (немесе) пайдаланушысының атауының және (немесе) оның тегінің, атының, әкесінің атының (ол болған кезде) өзгеруіне, пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою туралы куәліктің қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты өтініш беруші уәкілетті ұйымға негізгі талаптар тізбесінде көзделген тізбе бойынша құжаттарды және осы Қағидаларға 13-1-қосымшаға сәйкес өтінімді портал арқылы ұсынады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою туралы куәлік берілгеннен кейін бұрын берілген есепке қою туралы куәлік күшін жоғалтады.

Ескерту. Қағида 60-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 13.09.2024 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

60-3. Пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою туралы куәліктің қолданылу мерзімі өткеннен кейін пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою туралы жаңа куәлікті алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға портал арқылы осы Қағидаларға 13-2-қосымшаға

сәйкес нысан бойынша пилотсыз авиациялық жүйені есепке қоюға өтінім береді және (немесе) негізгі талаптар тізбесінде көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын ұсынады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Ұсынылған деректердің, Заңның сәйкестігіне өтінімді қарау нәтижелері бойынша уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою туралы куәлікті не негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 11-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді және уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" порталға жібереді.

Бұрын берілген пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою туралы куәлік күшін жояды.

Ескерту. Қағида 60-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 13.09.2024 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Пилотсыз авиациялық жүйе пилотсыз авиациялық жүйелер тізілімінен алынып тасталады:

- 1) пилотсыз авиациялық жүйені пайдаланудан шығару немесе алып тастау;
- 2) пилотсыз авиациялық жүйені шет мемлекетке, шетелдік жеке немесе заңды тұлғаға сату немесе беру (әкету);
- 3) пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою туралы куәліктің қолданылу мерзімі өткен;
- 4) пилотсыз авиациялық жүйенің жоғалуы немесе ұрлануы;
- 5) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 706 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22031 тіркелген) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдалану Қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес пилотсыз авиациялық жүйенің ең жоғары ұшу массасының жіктеуіші және (немесе) конструкция типінің сыныптауышы өзгерген кезде жүзеге асырылады.

Пилотсыз авиациялық жүйенің пилотсыз авиациялық жүйелерінің тізілімінен шығарылған кезде өтініш беруші уәкілетті ұйымға портал арқылы осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пилотсыз авиациялық жүйені есептен шығаруға өтінімді ұсынады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Пилотсыз авиациялық жүйені алып тастау туралы куәлікті беруге арналған өтінімді қарау нәтижелері бойынша уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пилотсыз авиациялық жүйені алып тастау туралы куәлікті береді не осы Қағидаларға 11-1-қосымшаға сәйкес негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің портал арқылы "жеке кабинетіне" жібереді.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 13.09.2024 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61-1. Әкімшілік актіні әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен қабылдауға байланысты уәкілетті ұйым қызметкерлерінің әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

61-1-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес өтініш берушінің шағымы қаралуға тиіс:

уәкілетті ұйым тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде.

Шағым уәкілетті ұйымға және (немесе) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға беріледі.

Уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік іс-әрекет қабылданса, шешіміне,

әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Ескерту. Қағида 61-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 13.09.2024 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

61-2-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61-2. Шағымды уәкілетті ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның қарау мерзімі мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған кезде 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезде шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарау өкілеттігі берілген лауазымды адам шағымды берген өтініш берушіге қарау мерзімін ұзарту туралы жазбаша түрде (шағымды қағаз жеткізгіште берген кезде) немесе электрондық нысанда (шағымды электрондық нысанда берген кезде) хабарлайды ұзарту себептері көрсетілген шағымдар

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. Қағида 61-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 13.09.2024 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Ұсынылған құжаттар сәйкес болған жағдайда уәкілетті ұйым өтініш берушіге осы Қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес Пилотсыз авиациялық жүйені есептен шығару туралы куәлікті береді.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.03.2023 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Алып тасталды - ҚР Көлік министрінің м.а. 13.09.2024 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. Алып тасталды - ҚР Көлік министрінің м.а. 13.09.2024 № 296 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының
азаматтық әуе кемелерін және
оларға құқықтарды мемлекеттік
тіркеу қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

	_____ уәкілетті ұйымның атауы	
	_____ өтініш берушінің тегі, аты-жөні (болған жағдайда)	
	_____ жеке куәліктің (паспорт) №	
	_____ занды тұлға ұйымының атауы	
	_____ мекенжайы, байланыс телефоны	
	_____ (ЖСН / БСН)	
	_____ Тегі Аты Әкесінің Аты (болған жағдайда)	
Әуе кемесін мемлекеттік тіркеуге арналған өтінім		
1	Әуе кемесін (ӘК үлгісі) мемлекеттік тіркеуді жүргізуді сұраймын _____ _____: Берілсін: мынадай өзгерістерге байланысты азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке өзгерістер енгізу: азаматтық әуе кемесінің меншік иесі (иесі) және (немесе) оның атауы және (немесе) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); азаматтық әуе кемесін пайдаланушы және (немесе) оның атауы (бар болса); азаматтық әуе кемесін қайта жабдықтауға байланысты оның мақсаты; азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің қолданылу мерзімі;	
2.	Әуе кемесі туралы деректер:	
2.1	Азаматтық әуе кемесін бұрынғы тіркеген мемлекет:	(бұрынғы тіркелген мемлекеттің атауы және айырым белгісі)
2.2	Тану белгісі:	
2.3	Сериялық (зауыттық) нөмірі	
2.4	Зауыттан шығарылған күні: (күні, айы, жылы)	
2.5	Дайындаушы (зауыт, мемлекет):	

2.6	Азаматтық әуе кемесінің мақсаты	
2.7	Азаматтық әуе кемесінің сыныбы	
2.8	Қозғалтқыш қуаты	
2.9	Ең жоғары ұшу салмағы	
3.0	Соңғы жөндеу жүргізілген күні мен орны	
3.1	Техникалық байқауды немесе ұшу сынағын кім және қашан жүргізді	
3.2	Жөндеуге дейінгі әуе кемесі ресурсының қалдығы (сағатпен, конумен, жылдармен)	
3.3	Әуе кемесінің тұрақты орналасу орны:	
3.4	Әуе кемесіне құқық түрі (қажеттісінің астын сызу):	1) меншік құқығы; 2) пайдалану құқығы; 3) жедел басқару құқығы; 4) шаруашылық басқару құқығы.
4.	Шарттың нөмірі және сатып алу күні:	
	Меншік иесі	№ _____ " ____ " _____ 20__ жыл
	Пайдаланушы	№ _____ " ____ " _____ 20__ жыл
	Меншік иесінің санаты (астын сызу):	1) жеке тұлға; 2) заңды тұлға.
5.	Меншік иесі құжатының санаты (заңды тұлға үшін):	
	заңды тұлғаның атауы:	
	заңды тұлғаның БСН	
	меншік иесінің заңды мекенжайы (облыс, аудан, елді мекен, көше, үйдің нөмірі, пәтер)	
	меншік иесінің телефон, факс нөмірі және e-mail мекенжайы	
6.	Меншік иесі құжатының санаты (жеке тұлға үшін):	
	Құжаттың сериясы және берілген күні:	№ _____ " ____ " _____ 20__ жыл
	Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), туған күні	_____ " ____ " _____ 20__ жыл
	ЖСН	
	мекенжайы (облыс, аудан, елді мекен, көше, үй нөмірі, пәтер)	
	телефон, факс нөмірі және e-mail мекенжайы	
	Пайдаланушы құжатының санаты (заңды тұлға үшін):	
	заңды тұлғаның атауы	
	заңды тұлғаның БСН	

	мекенжайы (облыс, аудан, елді мекен, көше, үйдің нөмірі, пәтер)	
	пайдаланушының телефон, факс нөмірі және e-mail мекенжайы	
8.	Пайдаланушы құжатының санаты (жеке тұлға үшін):	
	Құжаттың сериясы және берілген күні	№ ____ " ____ " ____ 20__ жыл
	Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), туған күні	____ " ____ " ____ 20__ жыл
	ЖСН	
	мекенжайы (облыс, аудан, елді мекен, көше, үй нөмірі, пәтер)	
	телефон, факс нөмірі және e-mail мекенжайы	
9.	Төлем нөмірі, күні және сомасы:	№ ____ 20__ жылғы " ____ " ____ теңге.
10.	Байланысушы тұлға (Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), лауазымы, телефон, факс нөмірі және e-mail мекенжайы)	
11.	Қызметтерді алған жағдайда (Шуыл бойынша сертификат, радиотаратқыш аппаратура ретінде) төменде көрсетілген кестелер бойынша деректерді толтырыңыз	
12.	Төлем нөмірі, күні және сомасы: № ____ 20__ жылғы " ____ " ____ теңге.	
Шуыл бойынша сертификат алу үшін	+/-	сипаттаңыз
Ұшақ		
Тікұшақ		
басқа		
Әуе винтінің деректері (бар болса)		
Әуе кемесінің ең жоғары ұшу массасы		
Әуе кемесінің ең жоғары қону массасы		
Шуылды сертификаттау стандарты		
Қолданылатын шуыл бойынша сертификаттау стандарттарына сәйкес келтіру мақсатында енгізілген қосымша модификация		
Ұшу-қону жолағының бүйіріндегі шу деңгейі / толық қуат режимінде		
Қону кезінде шу деңгейі		
Ұшу кезіндегі шу деңгейі		
Ұшып келу кезіндегі шу деңгейі		

Ұшып кету кезіндегі шу деңгейі		
азаматтық әуе кемелерінде орнатылған радиотаратушы аппаратураны пайдалануға рұқсат алу үшін		
Ұшақ		
Тікұшақ		
басқа		
Авиациялық радиожилік диапазонында жұмыс істейтін радиотаратушы құрылғылардың тізбесі:		
Мыналардың: тіркелетін азаматтық әуе кемесіне ауыртпалықтың болмауын; Мемлекеттік тізілімге және Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке өзгерістер енгізу жағдайларын қоспағанда, жерүсті және спутниктік арналар арқылы жүктерді тасымалдауға арналған борттың жай-күйі мен орналасқан жері туралы деректерді беруді қамтамасыз ететін жабдықтың болуын; азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркегені немесе қайта тіркегені үшін төлемақы енгізу. _____		
растау туралы мәліметтер		
Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін (Меншік иесі/ Пайдаланушы)		
Азаматтық әуе кемесінің меншік иесі (заңды тұлға үшін)	Азаматтық әуе кемесін пайдаланушы (заңды тұлға үшін)	
Мөр орны (бар болса) 20__ жылғы " __ " _____ (жеке тұлға үшін): _____ қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) 20__ жылғы " __ " _____		

Қазақстан Республикасы
 азаматтық әуе кемелерін және
 оларға құқықтарды мемлекеттік
 тіркеу қағидаларына
 2-қосымша
 Нысан
 "БЕКІТЕМІН"
 Ұйымның бірінші басшысы
 (немесе оның міндетін
 атқарушы тұлға)

 қолы Тегі Аты Әкесінің аты
 (болған жағдайда)
 20__ жылғы " __ " _____

Әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру актісі

Комиссия құрамы:

Төрағасы: _____

лауазымы, Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда)

Комиссия мүшелері: _____

лауазымы, Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда)

_____ 20__ жылы техникалық тексеру жүргізді _____

(азаматтық әуе кемесінің үлгісі мен тағайындалуы, мемлекеттік және тіркеу айырымдық белгілері сериялық (зауыттық) нөмірі)

1. Әуе кемесі туралы мәліметтер:

Зауыттан шығарылған күні	
Тағайындалған ресурс	_____ сағат _____ қону _____ жыл
Пайдалана бастағаннан бергі ұшуы	_____ сағат _____ қону _____ жыл
Жөндеу жүргізулер саны	
Соңғы жөндеу жүргізілген күн және орын	
Соңғы жөндеу жүргізілгеннен кейінгі ұшуы	_____ сағат _____ қону _____ жыл
Келесі жөндеу жүргізгенге дейінгі қалған ресурс	_____ сағат _____ қону _____ жыл
Жөндеуаралық ресурс	_____ сағат _____ қону _____ жыл

2. Әуе кемесінің ресурсын ұзарту негізі _____

3. Қозғалтқыштың ресурсын ұзарту негізі _____

4. Қозғалтқыштар және әуе винттері туралы мәліметтер:

Қозғалтқыш/әуе винті	1	2	3	4	Қосалқы күш қондырғысы/Бас редуктор
Үлгісі					
Зауыттық нөмірі					
Пайдалана басталғаннан бергі ұшуы (сағат)					
Соңғы жөндеу жүргізілген күні					
Соңғы жөндеу жүргізілгеннен кейінгі ұшуы (сағат)					
Келесі жөндеуге дейінгі ресурс қалдығы					
Жүргізілген жөндеу саны					

5. Әуе кемесі _____ көлемде тексерілді.

(техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу нысаны)

бұл туралы формулярға жазба жасалынды _____.

(күні)

6. Әуе кемесінің жабдықталғандығы _____.

7. Әуедегі қақтығысты ескертетін борттық жүйенің болуы _____.

8. Осы әуе кемесі үлгісінің осы актіні жасау күніне дейінгі орындалуға міндетті барлық жөндеулер орындалған. Үлгі конструкцияда бекітілген құжаттамада көзделмеген өзгерістер (бар болу/жоқ болу).

9. Ұшуды пайдалану нұсқаулығындағы өзгерістерді бекіткен ұйым, бекіткен күні _____.

10. Комиссияның азаматтық әуе кемесінің техникалық жай-күйі, ұшуға жарамдылығы және ұшу жарамдылығы сертификатын (қолданылу мерзімін ұзарту) беру мүмкіндігі туралы қорытындысы _____.

11. Пайдаланушының инженерлік-авиациялық қызмет* басшысының азаматтық әуе кемесінің ұшу жарамдылығы (оның ішінде қажетті жабдығы болған жағдайда халықаралық трассалар бойынша ұшуына) туралы қорытындысы _____

Төраға: _____

қолы, күні, Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда)

Комиссия мүшелері: _____

қолы, күні, Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны (болған жағдайда)

* - 11-тармақта Инженерлік-авиациялық қызмет бастығы мынадай қорытынды жасайды:

"Ұшақ (Тікұшақ) техникалық жарамды және пайдалануға жарамды" немесе

"Ұшақ (Тікұшақ) техникалық жарамсыз және пайдалануға жарамсыз".

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының
азаматтық әуе кемелерін және
оларға құқықтарды мемлекеттік
тіркеу қағидаларына
2-1-қосымша

"Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 2-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 23.04.2020 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 13.09.2024 № 296 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру" Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:

1. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру;
2. Әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен шығару туралы куәлік беру.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" акционерлік қоғамы
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"электрондық үкімет" порталы
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	20 (жиырма) жұмыс күні. "бір өтініш" қағидаты бойынша қызметті көрсету мерзімі – 25 жұмыс күнін құрайды, оның ішінде: Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді, әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен шығару туралы куәлік беру мерзімі – 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды; шуыл бойынша әуе кемесінің сертификатын беру және (немесе) радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру мерзімі – 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	1. Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке өзгерістер енгізу не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап; 2. Әуе кемесін Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінен шығару туралы куәлік беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде өтініш берушіден алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының	1. "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі – "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның

	заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	ақылы көрсетілетін қызметтерінің және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелерінің тізбесіне сәйкес ақылы көрсетіледі. 2. "Әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен шығару туралы куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі тегін көрсетіледі.
7	Жұмыс істеу кестесі	1. Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); 2. Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00 -ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8.30-ден 17.30-ға дейін.
		Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы, пайдаланушы сертификаты, жергілікті жердегі шуыл бойынша сертификат, радиостанцияға сертификат, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. 1. Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті алу үшін мынадай құжаттармен қоса ЭЦҚ қойылған өтінім беріледі:

- 1) құрылтай құжатының (заңды тұлғалар үшін) электрондық көшірмесі немесе жеке басты куәландыратын құжаттың (шетелдік жеке тұлғалар үшін) не нотариалды куәландырылған құрылтай құжаттарының (шетелдік заңды тұлғалар үшін) электрондық көшірмелері;
- 2) мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде меншік құқығын растайтын сатып алу-сату шартының немесе өзге де құжаттың электрондық көшірмесі немесе нотариалды куәландырылған сатып алу-сату шартының немесе ресми аудармасы бар ағылшын тілінде меншік құқығын растайтын өзге де құжаттың электрондық көшірмесі (шетелдік жеке және заңды тұлғалар үшін);
- 3) әуе кемесіне ортақ меншік құқығындағы үлесті әуе кемесіне меншікке қатысушы болып табылмайтын тұлғаға сату кезінде (үлестік меншік кезінде) үлестік меншікке қатысушылардың жазбаша келісімін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;
- 4) жалдау, лизинг, мүліктік жалдау шартының, әуе кемесін мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде пайдалану құқығын растайтын өзге де құжаттың электрондық көшірмесі немесе нотариалды куәландырылған жалдау, лизинг, мүліктік жалдау шартының, әуе кемесін ағылшын тілінде пайдалану құқығын растайтын өзге де құжаттың ресми аудармасы бар электрондық көшірмесі (шетелдік жеке және заңды тұлғалар үшін);
- 5) азаматтық әуе кемесін қабылдау-тапсыру актісінің электрондық көшірмесі;
- 6) әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру актісінің электрондық көшірмесі;
- 7) азаматтық әуе кемесін әзірлеуші мемлекет берген үлгі сертификатының немесе оның ұшуға жарамдылық нормаларына

сәйкестігін куәландыратын оған балама құжаттың электрондық көшірмесі.

8) уәкілетті ұйымның қызметі үшін төлемді растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

Болған жағдайда мынадай құжаттар ұсынылады:

1) Азаматтық әуе кемесінің мемлекеттік авиация тізілімінен немесе шет мемлекеттің азаматтық әуе кемелері тізілімінен шығарылғанын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

2) шет мемлекет берген ұшу жарамдылығы экспорттық сертификатының электрондық көшірмесі;

3) әуе кемесін қайта жабдықтау туралы құжаттардың электрондық көшірмесі;

4) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы дайындаушы зауыт берген уақытша куәліктің электрондық көшірмесі;

Азаматтық әуе кемесін жаңа, бұрын пайдаланылмаған, азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті алу үшін (дайындаушы зауыттан қабылдау кезінде) мынадай құжаттармен қоса ЭЦҚ қойылған өтінім беріледі:

1) құрылтай құжатының электрондық көшірмесі (заңды тұлғалар үшін) немесе жеке басын куәландыратын құжаттың (шетелдік жеке тұлғалар үшін) не нотариалды куәландырылған құрылтай құжаттарының (шетелдік заңды тұлғалар үшін) электрондық көшірмелері;

2) мемлекеттік және (немесе)орыс тілдерінде меншік құқығын растайтын сатып алу-сату шартының немесе өзге де құжаттың электрондық көшірмесі немесе ресми аудармасымен (шетелдік жеке және заңды тұлғалар үшін) ағылшын тілінде меншік құқығын растайтын сатып алу-сату шартының немесе өзге де құжаттың нотариалды

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

куәландырылған электрондық көшірмесі;

3) әуе кемесіне ортақ меншік құқығындағы үлесті әуе кемесіне меншікке қатысушы болып табылмайтын тұлғаға (үлестік меншік кезінде) сату кезінде үлестік меншікке қатысушылардың жазбаша келісімін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

4) мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде әуе кемесін пайдалану құқығын растайтын жалдау, лизинг, мүліктік жалдау шартының, өзге де құжаттың электрондық көшірмесі немесе ресми аудармасы бар ағылшын тілінде әуе кемесін пайдалану құқығын растайтын өзге де құжаттың нотариалды куәландырылған жалдау, лизинг, мүліктік жалдау шартының электрондық көшірмесі (шетелдік жеке және заңды тұлғалардың);

5) азаматтық әуе кемесін қабылдау-беру актісінің электрондық көшірмесі;

6) әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру актісінің электрондық көшірмесі;

7) азаматтық әуе кемесін әзірлеуші мемлекет берген ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігін куәландыратын үлгі сертификатының немесе оған баламалы құжаттың электрондық көшірмесі.

8) уәкілетті ұйымның қызметі үшін төлемді растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

9) өтініш берушінің не дайындаушы зауыттың: дайындаушы зауыттың тану тақтайшаларында көрсетілген әуе кемесінің сериялық (зауыттық) нөмірі;

мемлекеттік және тіркеу тану белгілері көрсетілген тану тақтайшасы; әуе кемесінің мемлекеттік және тіркеу тану белгілерінің орналасқан жері; әуе кемесінің 24-биттік мекенжайы болған жағдайда дұрыс

кодталғанын растайтын құжаттары мен суреттері қоса берілген хаты.

Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке өзгерістер енгізу үшін мынадай құжаттарды қоса бере отырып, ЭЦҚ қойылған өтінім беріледі: Азаматтық әуе кемесінің меншік иесі және (немесе) оның атауы және (немесе) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); азаматтық әуе кемесінің пайдаланушысы және (немесе) оның атауы не Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің қолданылу мерзімі:

1) құрылтай құжатының (заңды тұлғалар үшін) электрондық көшірмесі немесе жеке басты куәландыратын құжаттың (шетелдік жеке тұлғалар үшін) не нотариалды куәландырылған құрылтай құжаттарының (шетелдік заңды тұлғалар үшін) электрондық көшірмелері;

2) мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде меншік құқығын растайтын сатып алу-сату шартының немесе өзге де құжаттың электрондық көшірмесі немесе нотариалды куәландырылған сатып алу-сату шартының немесе ресми аудармасы бар ағылшын тілінде меншік құқығын растайтын өзге де құжаттың электрондық көшірмесі (шетелдік жеке және заңды тұлғалар үшін);

3) әуе кемесіне ортақ меншік құқығындағы үлесті әуе кемесіне меншікке қатысушы болып табылмайтын тұлғаға сату кезінде (үлестік меншік кезінде) үлестік меншікке қатысушылардың жазбаша келісімін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

4) жалдау, лизинг, мүліктік жалдау шартының, әуе кемесін мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде пайдалану құқығын растайтын өзге де құжаттың электрондық көшірмесі немесе нотариалды куәландырылған

жалдау, лизинг, мүліктік жалдау шартының, әуе кемесін ағылшын тілінде пайдалану құқығын растайтын өзге де құжаттың ресми аудармасы бар электрондық көшірмесі (шетелдік жеке және заңды тұлғалар үшін);

5) азаматтық әуе кемесін қабылдау-тапсыру актісінің электрондық көшірмесі;

6) уәкілетті ұйымның қызметі үшін төлемді растайтын құжаттың электрондық көшірмесі. Әуе кемесінің мақсаты өзгерген кезде, ол қайта жабдықталғаннан кейін мынадай құжаттарды қоса бере отырып, ЭЦҚ қойылған өтінім беріледі:

1) азаматтық әуе кемесін қайта жабдықтау құқығына арналған құжаттардың электрондық көшірмесі;

2) азаматтық әуе кемесін қайта жабдықтау бойынша жүргізілген жұмыстар актісінің электрондық көшірмесі;

3) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру актісінің электрондық көшірмесі;

4) құрылтай құжатының (заңды тұлғалар үшін) электрондық көшірмесі немесе жеке басты куәландыратын құжаттың (шетелдік жеке тұлғалар үшін) не нотариат куәландырған құрылтай құжаттарының (шетелдік заңды тұлғалар үшін) электрондық көшірмелері қоса беріледі;

5) уәкілетті ұйымның қызметі үшін төлемді растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

2. Әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен шығару туралы куәлікті алу үшін 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім не Азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті "UN" ұлттық тану белгісінен "UP" мемлекеттік және тіркеу тану белгілеріне ауыстыруға арналған осы Қағидаларға 6-1-қосымшаға

сәйкес нысан бойынша өтінімнің электрондық көшірмесі кейіннен алып тастала отырып және "UN" ұлттық тану белгісімен мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы, ЭЦҚ-мен қол қойылған, мынадай құжаттар қоса берілген:

1) әуе кемесінің меншік құқығының шет мемлекетке (жеке , заңды тұлғаға) өткендігін растайтын құжат немесе әуе кемесін Мемлекеттік тізілімнен шығару жағдайларын қарастырған құжат немесе олардың электрондық көшірмелері;

2) меншік иесі Қазақстан Республикасының резидент емес болған жағдайда жеке тұлғаның тұлғаны куәландыратын құжаттарының немесе өтініш иесі – Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасының (куәлік) электрондық көшірмесі;

3) әуе кемесі кепілде тұрған жағдайда кепіл ұстаушының оның тізілімнен шығарылуына жазбаша келісімінің электрондық көшірмесі;

4) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 9 наурыздағы № 123 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6868 болып тіркелген) Әуе кемелерін есептен шығару қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептен шығарып тастау актісінің электрондық көшірмесі (әуе кемесі есептен шығарылған кезде);

5) әуе кемесін кәдеге жарату туралы құжаттардың электрондық көшірмесі немесе олардың көшірмелері (әуе кемесі есептен шығарылған кезде);

6) әуе кемесінен айырым белгілерді алып тастау туралы актісінің электрондық көшірмесі және оны растайтын фотосуреттер (әуе кемесін есептен шығару жағдайларын қоспаған кезде).

9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) өтініш беруші ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) өтініш берушінің және (немесе) ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің осы Қағидалардың, ұшуға жарамдылығы нормаларының, Заңның талаптарына сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған жағдайда; 4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары мынадай интернет-ресурста орналастырылған: "Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" акционерлік қоғамы www.caa.gov.kz Көрсетілетін қызметті алушының: ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызмет көрсету; Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс

орталығының телефоны: 1414, 8
800 080 7777.

Қазақстан Республикасы
азаматтық әуе кемелерін және
оларға құқықтарды мемлекеттік
тіркеу қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Азаматтық әуе кемесінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісі

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды- ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.03.2023 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
азаматтық әуе кемелерін және
оларға құқықтарды мемлекеттік
тіркеу қағидаларына
4-қосымша
Нысан

ӨК тағайындауы
Назначение ВС
Designation of aircraft

ӨК пайдаланушысы
Эксплуатант ВС
Operator of aircraft

